


12013  
43169к

Т.Ж. Сағындық

# КӨЛІК ТЕХНИКАСЫН ТЕХНИКАЛЫҚ ЖАРАТУ

## КӨЛІК ТЕХНИКАСЫН ТЕХНИКАЛЫҚ ЖАРАТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

### БІРІНШІ БӨЛІМ



Астана-2012

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ  
агротехникалық университет**

**Т.Ж. Сағындық**

**КӨЛІК ТЕХНИКАСЫН  
ТЕХНИКАЛЫҚ ЖАРАТУ**

**КӨЛІК ТЕХНИКАСЫН ТЕХНИКАЛЫҚ  
ЖАРАТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ  
БІРІНШІ БӨЛІМ**

**Оку кұралы ретінде  
Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық  
университетінің Ғылыми кеңесімен бекітілген**

**АСТАНА-2012**

УДК 629 (075.8)  
ББК 39.1я 73  
С1  
ISBN 9965-31-457-8

Гүлкір жазғандар:

Ж.Н.Гумилев атындағы Ұлттық Еуразия университеті «Көлік жүйелері» кафедрасының доценті, т.ғ.к. Баубеков А.А.  
Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ мемлекеттік агротехникалық университеті «Техникалық сервис» кафедрасының доценті, т.ғ.к. Оразалиев Б.Т.

Сагындық Т.Ж. Көлік техникасын техникалық жарату.

Көлік техникасын техникалық жаратудың теориялық негіздері. Бірінші белгім: Техникалық жогары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу куралы. Сагындық Т.Ж. -Астана: 2012. – 110 бет.

Ұсамын отырган оқу куралында көлік техникасының жұмыс кабілетін камсыздандыру негізі, техникалық күйінің езгерісіндегі кездейсок процестер заңдылыктары, техникалық күйін сипаттау, жұмыс кабілетін аппараттық қамтамасыздандыру және оған диагноз кою; көлік техникасын техникалық жаратудың нормативін анықтау адісі, кешенді көрсеткіштерінің тиімділігін бағалау; көлік техникасына техникалық қызмет көрсету және жондеу жүйесі туралы мәлімет берілген. Оқу куралы техникалық жогарғы оқу орындары студенттеріне, білім беретін мекемелердің оқушыларына арналған.

УДК 629 (075.8)  
ББК 39.1я 73

Баснага Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің Гылыми көңесі (04.10.2012 ж., №3 ) макулдан ұсынған.

ISBN 9965-31-457-8

## Мазмұны

Кіріспе.....	5
1 Көлік техникасының жұмыс қабілетін қамсыздандыру негізі.....	7
1.1 Әдістемелік принциптер және көлік техникасының пайдалануының аппараты.....	7
1.2 Көлік техникасының сапасы, техникалық күйі және жұмыс қабілеті.....	8
1.3 Тұтыну кезінде көлік техникасының техникалық күйінің өзгеру себебі.....	14
1.4 Көлік техникасының тозуына пайдалану жағдайларының әсері.....	17
1.5 Көлік техникасының техникалық күйінің өзгеруіне пайдалану жағдайының ықпалы.....	18
1.6 Көліктің істен шығуы.....	20
2 Көлік техникасының техникалық күйінің өзгерісіндегі кездейсок үдерістер заңдылықтары.....	23
2.1 Көлік техникасының техникалық күйінің атқарымы бойынша өзгеру заңдылығы (занылдықтың бірінші түрі) .....	23
2.2 Көлік техникасының техникалық күйінің өзгерісіндегі кездейсок үдерістер заңдылығы (занылдықтың екінші түрі) .....	24
2.3 Көлік техникасын қалпына келтіру процесінің занылдылығы (занылдықтың үшінші түрі) .....	31
2.4 Көлік техникасының сенімділігі.....	37
3 Көлік техникасын техникалық жаратудың нормативін анықтау әдісі.....	43
3.1 Техникалық жаратудың басты нормативі жайлы түсінік.....	43
3.2 Техникалық қызмет мерзімділігі.....	43
3.3 Техникалық қызмет пен жөндеудің еңбек сыйымдылығы.....	55
3.4 Қосалқы бөлшек ресурсы мен оны жұмсау нормасын анықтау.....	56
4 Көлік техникасының жұмыс қабілетін акпараттық қамтамасыздандыру және оған диагноз қою.....	58
4.1 Автомобилльдерді диагностикалау принциптері.....	58
4.2 Автомобилльдердің күйін анықтау әдістері, куралдары және процесстері.....	59
4.3 ТҚҚ және жөндеу жүйесінде автомобилльдердің күйін анықтаудың орны мен ролі.....	62
5 Көлік техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүйесі.....	65
5.1 Көлік техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша жұмыстарды орындаудың негізгі ережелері.....	65
5.2 Техникалық қызмет (ТҚ) жұмыстарының арналымы.....	66
5.3 Жөндеу түрлері.....	69
6 Көлік техникасының жұмыс қабілетін қамсыздандыру технологиялық процестің жалпы сипаттамасы.....	71
6.1 Жұмыстың жалпы сипаттамасы.....	71

6.2 Техникалық қызмет көрсетудің технологиялық процесін үйімдастыру.....	72
6.2.1 Автокөлік кәсіпорынында өндірісті үйімдастыру.....	72
7 Қызмет құралының жұмыс өнімділігі мен өткізу қабілетінің түзелу заңдылығы.....	75
7.1 Қызмет көрсету құралына жаппай қызмет жүйесінің элементі ретінде қарастыру.....	75
7.2 Жаппай қызмет көрсету жүйесін моделдеу.....	80
8 Қызмет құралының жұмыс өнімділігі мен өткізу қабілетінің түзілу заңдылығы.....	84
8.1 Қызмет көрсету құралына жаппай қызмет жүйесінің элементі ретінде қарастыру.....	84
8.2 Жаппай қызмет көрсету жүйесін моделдеу.....	87
9 Көлік техникасын техникалық жаратудың кешенді көрсеткіштерінің тиімділігін бағалау.....	92
Әдебиеттер тізімі.....	95
Косымшалар.....	96
Қысқаша қазақша- орысша сөздік.....	109

## **Кіріспе**

Көлік техникасы өнеркәсіп кәсіпорындарына шикізаттарды тасып жеткізеді және одан дайын өнімдерді тасып әкетеді, ауылшаруашылығындағы жүктөрді тасымалдайды және тұрғын, өндірістік үйлерді түрлі құрылыштарды салуда үлкен рөл атқарады, еліміздің Отан корғау қабілетін нығайтуға зор мүмкіндіктер жасайды. Қазақстан халық шаруашылығында тасымалданатын жүктөрдің 80%-дан астамы көлік техникасының үлесіне тиеді. Көлік техникасының жолаушылар тасымалдауда да зор маңызы бар. Өндірісті интификациялау, еңбек өнімділігін арттыру, түрлі қорларды өнімдеу - көлік техникасының алдында тұрган мәселелер. Қазіргі заманда техникалық саясат мемлекетіміздің өндірістік көлік техникасын техникалық жарату базаларын нығайтуға, көлік техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарының сапасын жоғарылатуға бағытталған. Көлік техникасы тек жүктөрді тасымалдап қана қоймай басқа да өндірістердің дамуына қөп пайдасын тигізеді. Көлік техникасын бұлайша жаптай пайдалану олардың жолаушылар мен жүктөрді жөнелтілетін жерінен баратын жеріне дейін бірінен екіншісіне ауысып артуды және қайта тиеді қажет етпейтіндігімен түсіндірледі.

Көлік техникасын техникалық жарату - жобалау, қайта құру және техникалық, өндірістік-техникалық базасын қайта жабдықтау тәсілдерін қарастырады. Олар - автокөлік кәсіпорындары және орталықтандырылған өндіріс орындары және техникалық қызмет көрсету станциялары.

Автокөліктік кәсіпорындарды жүктөрді және жолаушыларды тасымалдау үшін ұйымдастыруды. Олар жүк тасымалдау сипатына қарай жүк, жолаушылар таситын (автобус және женіл автомобиль), арапас және арнаулы (женіл жәрдем, көмек, коммуналдық қызмет көрсету) болып келеді. Көлік техникасының техникалық жарату ғылым жағынан қарасақ автопарктің техникалық күйін басқару жұмысының ең тиімді жолдарын және әдістерін анықтайды. Бұл үшін қозғалыс реттілігі және қауіпсіздігі, көлік техникасының құрылымы, техникалық мүмкіндігін толығымен ұқсату мен пайдалану сенімділігін қамтамасыз етілуі; материалдық және еңбек шығындарын онтайландыруы; қызмет көрсететін құрамға және қоршаған ортаға қозғалмалы құрамының техникалық күйінін көрі әсерін минимумға жеткізуі қажет. Көлік техникасының техникалық жаратуды тәжірибелік қызмет ретінде қарастырақ - бұл техникалық, әлеуметтік, экономикалық және ұйымдастыру шаралар кешені болып табылады. Бұл кешен еңбек және материалдық қорлар шығындарын онтайлы етіп өткізуге, персоналдың еңбегі мен тұрмысын қалыпты жағдайда қамтамасыз етеді. Қазақстан халық шаруашылығын өркендеудің негізгі бағыттарында көлік пен көліктік техника өнеркәсібін одан әрі тез қарқынмен дамыту, еліміздің көлік паркі құрамында жүк көтергіштігі жоғары көліктерді, сондай-ақ аз тоннады көліктердің меншікті үлесін арттыру, көлік жолдары құрылышын кеңейту және реконструкциялау көзделген. Жөндеу және техникалық қызмет көрсету

жұмысымен айналысатын жұмысшылардың жұмысын дұрыс үйімдастыру арқылы жүргізуілер жұмысының табысты болуына едәуір дәрежеде жағдай жасайды. Білімгерлер колік техникасының құрылымын, гараж бен жөндеу құрал- жабдықтарын, сондай-ақ техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жұмыстарындағы жекелеген операцияларды орындау тәсілдерін оқып үйрене отырып, олар жұмысты жоғары сапада үйімдастыра алатын болады. Бұл оқу құралының негізгі мақсаты көлік, көлік техника және технология мамандығында жоғары оқу орында оқитын білімгерлерге, осы салада жұмыс істейтін мамандарға көлік техникасын техникалық жаратуды теориялық негізінен жаңа білім беру; колік техникасының жұмыс қабілетін қамсыздандырудың стратегиясы мен әдісін үйрету; колік техникасын техникалық жарату нормативін анықтай білу; қызмет көрсету құралының жұмыс өнімділігі мен откізу қабілетінің түзілу заңдылығын зерттеу. Көлік техникасын техникалық жаратудың басты мақсаты- жасау кезінде оның бойына дарытқан потенциалдық (әлеуметтік) қасиетті пайдалану барысында іс жүзіне асыруды қамтамасыз ету һәм көліктін техникалық себеппен токтап тұруын азайту, жұмыс өнімділігін өз деңгейінде ұстау, оны үқсатып ұстауга шығынды көбейтпеу. Бұл мақсаттан шығу үшін көлік техникасының техникалық құйіне әр түрлі фактордың әсерін зерттеп, оның заңдылығын табу қажет болады. Заңдылықты білу көлік техникасын ақаусыз, мүкісіз техникалық онды қүйде ұстаудың дәйекті әдісін табу және қолдануға, яки оның жұмыс қабілетін басқаруға мүмкіндік береді.

Көлік техникасының аса маңызды кіші жүйесі (подсистема) саналатын көлік техникасын техникалық жаратудың негізгі міндеті – ол ақауы (мүкісі) жок жылжымалы көлік құраммен жүк пен жолаушы тасуды қамтамасыз ету.

Көлік техникасының техникалық жаратудың негізгі есептері:

- 1) көлік техникасың жұмысқа жарамдылығын қамтамасыз ету;
- 2) потенциалдық қасиеттерін жүзеге асыру;
- 3) бағып-қағуға, техникалық қызмет көрсету және жөндеуге кететін шығындарды азайту;
- 4) бос тұруды азайту;
- 5) үнемділікті және коршаған ортаға зиянсыздықты арттыру.

# **1 Көлік техникасының жұмыс қабілеттің қамсыздандыру негізі**

## **1.1 Әдістемелік принциптер және көлік техникасының пайдалануының аппараты**

Парктің жұмыс қабілеттілігін басқару көлік техникасының пайдалануының ең маңызды мақсаты болып табылады. Ол үшін автомобильдердің техникалық пайдалануының негізгі зандылықтарын білу кажет. Көлік техникасын пайдалануын теориялық негіздері төменде көлтірілген.

Автомобильдерді техникалық пайдаланудың мақсаты мен оның ішкі жүйесі, мақсаттық қалыптама мен көрсеткіштер:

- парктің жеткілікті деңгейдегі жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз ету;
- парктің жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз ету барысында қорсактау;
- халықты, қызмет көрсету құрамды және қоршаган ортаны қорғау.

Автомобильдерді техникалық пайдалануының негізгі зандылықтары:

- автомобильдердің және материалдардың жұмыска қабілеттілігінің өзгеруі;
- кездейсоқ шамалардың вариациясы;
- автомобильдердің және агрегаттардың топтық тәртібі, істен шығу ағынының қалыптасуы;
- жұмысқа қабілеттілігін қалыптастыруы және тіршілік етуі үшін құрал-жабдықтарды колдану және қалпына келтіру;
- бір деңгейде ұстая мән жұмыс қабілеттің қалпына келтіру үшін басқару және шешім қабылдау;
- қызмет көрсету құрамның топтық тәртібі.

Шешетін мәселелер, мақсаттар:

- автомобильдің, агрегаттың, бөлшектің сенімділігі (көрсеткіштер, бағалау, сенімділік факторлар);
- жиынтық автомобильдердің (парктің) сенімділігі;
- техникалық қызмет көрсету құралының сенімділігі мән өнімділігі (база);
- басқару шешімдерінің сенімділігі мән тиімділігі;
- қызмет көрсету құрамның басқару шешімдері мән тиімділігі.

Негізгі жалпы ғылыми теориялар, әдістер мен қолданбалы білімдер:

- сенімділік теория (тозғыштық, беріктік, ықтималдылық теориялары; материалтану, автомобильдің құрылымы мән есебі, модельдеу, болжам, диагностика);
- қалпына келтіру теориясы, экономика, модельдеу, амалдарды зерттеу;

- жаппай қызмет ету теориясы, модельдеу;
- бағдарламалы-мақсаттық әдіс, информатика, болжару, модельдеу, социология, психология, педагогика, амалдарды зерттеу.


Теориялық негізінде дамыған қолданбалы білімдер:

- техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жүйесінің қалыптамасы мен оларды түзету;
- технология мен өндірісті ұйымдастыру. Басқару әдістер мен шешімдерді қабылдау;
- өндіріс базасын қалыптастыру мен жұмыс істеуі. Жобалау, қайта жаңғыру, техникалық қайта күралдану;
- техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді механизациялау мен роботизациялау. Технологиялық жабдықтарды жасау мен пайдалану;
- жабдықтау мен резервте сактау жүйесі. Қор мен сақтық қорды қалыптастыру;
- біліктілік пен инженерлік-техникалық қызмет көрсету құрамды дайындауға қойған талаптар. Жұмыс жағдайы. Жұмысшы колективтерді қалыптастыру, техникалық қызмет көрсету мен жөндеудің сапасын ынталандыру мен басқару;
- автомобилдер мен пайдалану материалдарының сапасын арттыру мақсатында өндіріс орындарына қойылатын талаптар;
- көлік техникасын техникалық пайдалануды өркендету келешегі-автомобиль көлігінің ішкі жүйесі.

## **1.2 Қолік техникасының сапасы, техникалық күйі және жұмыс қабілеті**

Қазақстаниң жалпы көліктік жүйесінде жүктерді тасымалдауда бірінші орын алатын автомобиль көлігінің зор маңызы бар. Автомобиль негізгі үш бөліктен- қозғалтқыштан, шассиден және шанақтан құралады. Көлік техникасының алдында қойылған міндеттердің ойдағыдан орындалуы автомобиль техникасының болуына және оның техникалық күйіне, жүргізушілердің жеке құрамының әзірлік деңгейіне айтарлықтай дәрежеде байланысты болады. Көлік техникасының өз функциясын аткаруға жарамдылығын анықтайтын қасиеттердің жиынтығы- ол көлік техникасының сапасы деп аталады (1.1 сурет).

Көлік техникасының негізгі техникалық-пайдалану қасиеттері: жүккөтергіштік, отын үнемділік, жайлылық (комфортабельность), жұмыс өнімділігі (производительность), сенімділік. Көлік техникасы тасымалдау процесінде өзінің функциясын жұмысқа жарамды болса ғана атқарады.



Сурет 1.1 - Сапа ұғымының құрылымы

Автомобильдің (агрегат, механизм, түйінділер) техникалық күйі оның өзгеретін құрылымдық қасиеттерінің жиынтығымен анықталады (кесте 1.1).

Өнімнің жұмыс істеу ұзақтығы жұмыс көлемі деп аталады. Жұмыс көлемі сағатпен, не болмаса километр есебімен жүріп өткен жолымен есептелінеді.

Бұйымның құрылымдық параметрлері ағымды мәндерімен сипатталады – $u_1, u_2, u_3, \dots, u_n$ .

Машинанардың сапасы- олардың қасиетінің жиынтығы, өзінің сәйкестігіне арналған белгілі қажеттілікті қамтамасыз ету жарамдашығы.

Машинанардың сапасы әртүрлі аспектерге ие- техникалық, экономикалық, социологиялық және басқалары. Сапа корсеткіштерінің өзара байланысын көлтірейік.

**Машиналардың сапалық корсеткіштері:**


- техникалық- тұтыну (сенімділік, патентік-күқықтық, эстетикалық, эргономикалық, арнау корсеткіштері);
- өндірістік-технологиялық –технологиялық, стандарттау және бірыңғайлау;
- экономикалық- тұтыну кезінде күрделі қаржы жұмсау, өндіріс кезінде күрделі қаржы жұмсау, машинаның өзіндік құны, машинаның бағасы, бұйымның бір данасының өзіндік құны, басқа экономикалық көрсеткіштері.

**Сенімділік көрсеткіштері:** тоқыраусызық, беріктік мерзімі, жөндеуге жарамдашылық, сакталышылық.

Жұмыс көлемі артқан сайын техникалық параметрлерінің күйі өзгереді: жана бұйымның техникалық күйінің параметрінен  $Y_n$  бұйымның техникалық күйінің шекті параметріне  $Y_n$  дейін (сурет 1.2).

Кесте 1.1 - Көлік техникасының құрылымдық элементтері және параметрлері

Автомобилдің құрылымдық элементтері	Сан	Құрылымдық параметр
Агрегат, жүйе	15...20	Кинематикалық сұлба, козгалма дәрежесі, құрылым формуласы. Қосылыстың түрі, берілсі, тірері және нығыздануы.
Түйін, механизм	70...90	Бөлшектердің және түйіндердің өзара орналасуы. Байланыстырылғыш өлшемдері, санылаулары, солқылдар, жүрістер.
Бөлшек	15000...25000	Өлшем және сырт пішіні. Материалдың түрі, беріктік. Беттердің сапалы және дәл өнделуі. Электрлік, гидравликалық кедергі және басқалары.



ЗР- жұмысқа жарамдылығының аймагы; ЗО- істен шығу аймагы; ЗУ- істен шығуды алдын алу аймагы;  $Y_{\text{пд}}$ - параметрдің шекті жеткілікті мәні;  $l_p$ - бұйымның коры;  $l_y$ - алдын алу коры;  $Y_n$ -жадын алу аймагы;  $Y_{\text{п}}=Y_{\text{пд}}+Jy$ - бұйымның техникалық күйінің параметрі;  $Y_{\text{пд}}=Y_n+Jp$ - бұйымның техникалық күйінің шекті параметрі;


Сурет 1.2 –Параметрлерінің техникалық күйінің өзгеру сұлбасы

Бұйымның техникалық күйінің шекті шамасына жеткеннен кейін, оны пайдалануға құрылымдық, экономикалық және экологиялық себептермен колдануға болмайды.

Автомобилдің, оның агрегатының не бөлшегінің одан әрі пайдалануға болмайтын шектік күйге жеткенге дейінгі атқарымы (наработка) жұмыс ресурсы деп аталады.

1.3 суретте бөлшектердің геометриалық параметрлерінің өзгеру вариантары көрсетілген: I- үлкею; II - кішірею. Параметрлардың номинал,

шекті, шекті жеткілікті мәндері мемлекеттік стандарттар, нормативті-техникалық және жобалау-құрылымдаушы құжатармен бекітіледі.



1-төлке; 2- білік; 3-табақша;  $Y_i^J$ - үлкес;  $Y_i^Z$ -жұмыс процесі кезіндегі кішірею

Сурет 1.3 - Бөлшектердің геометриалық параметрлерінің өзгеру варианты.

Автомобильдің 3-4 мың бөлшегінің ғұмыры (срок службы) оның өзінің ғұмырынан аз. Автомобильдің жөндеуде ең көп тұруына оның 200...400 бөлшегі себепші.

Көлік техникасын пайдалану барысында оның қасиеттінің көрсеткіштері бәз қалында қалады. Олар: жүккөтергіштігі, сыртқы өлшемдер.

Бірақ, көлік техникасының жұмыс істей алғатын мерзімі ұзарған сайын қасиеттерінің көрсеткіштері көбірек өзгереді. Олар: үнемділік, қауіпсіздік, динамикалық, өнімділік, жайлыштық. 1.2- кесте автомобильдің сапалық көрсеткіштерінің өзгеруі берілген.

Көлік техникасының параметрлері:

1) Жұмыс процесстерінен шығатын параметрлері. Ол жұмыс процесстерінің негізгі қызметтік қасиеттерді анықтайды (қозгалтқыш қуаты, автомобильдің тежеу жолы).


2) Испелі үдерістерінің параметрлері (қызуы, діріл).

3) Геометриялық (құрылымдық) параметрлері (саңылау, жүріс).

Кесте 1.2 - Көлік техникасының сапалық көрсеткіштерінің өзгеруі

Жұмыс істей алғатын мерзімі (жылдар)	Жылдық жұмыс өнімділігі, %	Жүк көлік техникасын ақаусыз құйінде ұстап тұрудың еңбек сыйымдылығы, %
1	100	100
4	75-80	160-170
8	55-60	200-215
12	45-50	280-300

1.4 сурет техникалық күйі параметрлерінің өзгеруі және алды ала әсер өткізу сұлбасы берілген.



$S_{th}$  және  $S_m$  – тежеу жолының бастапқы және шекті мәндегі;  $Y_n$  – техникалық күйінің шекті параметрлердің мәні;  $Y_m$  – техникалық күйінің номинал параметрлердің мәні;  $t_p$  – параметрінің шекті күйіне дейінгі жұмыс көлемі;  $t_0$  – мерзімдіктің оптималь мәні. 1 – жұмысқа жарамдылық аймак; 2 – жаралысқа жарамдылық аймак.

Сурет 1.4 - Техникалық күй параметрлерінің өзгеруі және алдын ала әсер өткізу сұлбасы

Істен шығудың алдын алу, оны айқындау және жөндеп жіберуге бейімділігі автомобилідің жондеуге жарамдылығы (ремонтоспособность) деп аталады.

Бастаң берілген пайдалану қасиетін сақтап, өзінің функциясын атқара алу қасиеті автомобилідің сенімділігі деп аталады.


Жұмысқа жарамдылығы бұзылып, тасымалдау процесінің токтауын автомобилідің істен шығуы (отказ) деп айтады.

Автомобилідің өз функциясын атқаруға жарамдылығын анықтайдын қасиеттердің жиынтығы автомобилідің сапасы деп атайды.

Автомобилідің, оның тетігінің "жұмысқа жарамдылығы" (работоспособность) – ол өз функциясын атқаруға қабілеті бар күйі.

Автомобилідің кенеттен істен шығуы (внезапный отказ) - бұл техникалық күй параметрінің секірмелі өзгерісі (скачкообразное изменение).

1.5 суретте уақыт аралығындағы сапа көрсеткішінің өзгеру сұлбасы көрсетілген.



1- сапа көрсеткішінің бастапқы мәні; 2 уақыт аралығындағы сапа көрсеткішінің өзгеруі; 3 – сапа көрсеткішін іске асыру; 4 – сапалық көрсеткішінің өзгеруіне техникалық жаратудың ықпалы; 5 – сапа көрсеткішінің іске асыруына техникалық жаратудың әсері.

Сурет 1.5 - Уақыт аралығындағы сапа көрсеткішінің өзгеру сұлбасы

Көрсеткіштердің (өнімділік, жұмысқа жарамдылығы, істен шығуға дейін атқарған жұмыс көлемі) өзгеруі экспоненциалдық тәуелділігімен берілген

$$\Pi_K(t) = \Pi_{K1} * \exp[-k(t-1)] \quad (1.1)$$

мұндағы  $t$  – пайдалану ұзақтығы, жылдар,

$\Pi_{K1}$ ,  $\Pi_k(t)$  – бірінші және  $t$  жылдағы сапа көрсеткіштері;

$k$  – коэффициент.

Сапаның іске асыру көрсеткіші:

$$\overline{\Pi_K}(t) = \frac{\Pi_{K1} \cdot \exp k}{t} \cdot \sum_{t=1}^t \exp[-kt] \quad (1.2)$$

Сапаның іске асыру көрсеткіші 3 (сурет 1.5) сапа көрсеткішінің бастапқы мәніне 1, уақыт аралығындағы өзгеру қарқындылығына және жұмыс істей алғатын уақытына тәуелді.

Техникалық жағдай кезекті орташа немесе курделі жөндеуге дейінгі жүріс қорымен сипатталады. Толық комплектілі, сырт көрінісі жақсы, агрегаттары мен аспаптары қозғалыс қауіпсіздігін және жұмысқа сенімділікті қамтамасыз ететін автомобильдерді техникалық жағынан ақаусыз деп есептейді. Пайдалануға тек жоспарлы техникалық қызмет көрсетуден өткізілген ақаусыз автомобильдер ғана жіберіледі. Автомобиль паркінің жағдайы автомобильдердің орташа жүріс қорымен сипатталады. Бір

автомобилльдің жүріс қоры деп оның кезекті орташа немесе күрделі жөндеуге дейінгі километр есебімен жүретін жолын айтады.

### 1.3 Тұтыну кезінде көлік техникасының техникалық күйінің өзгеру себебі

Бөлшектердің тозуы. Автомобилльдерді пайдалану процесінде бөлшектердің тозуы және зақымдануы, жылу мен тот басудың әсерінен әр түрлі кемшіліктер (ақаулар) пайда болады. Тозу бөлшектердің өз ара жанасып жатқан беттері арасында үйкелістен пайда болады, металдың сыртқы қабатының қажуы нәтижесінде туады (кесте 1.3). Механикалық тозу, абразивтік тозу және қажып тозу табиги тозуга жатады.

Тозудың түрлері топқа бөлінеді.

1) Механикалық тозу металл бөлшектерінің бетінен ажыраумен сипатталады және ол негізінен құргақ үйкеліс кезінде болады.

2) Коррозиялық механикалық тозудың осы түрінде материалға механикалық және электрохимиялық қарбасуындағы механикалық әсерлердің нәтижесінен пайда болған тозу. Осы тозу түрінде үйкеліс бетінде тотық қабаттары пайда болады, механикалық бұзылуды тудырады.

3) Электроэрозиялық тозу. Осы түрде беттерде электр тоғы өткенде разрядтың әсерінен эрозиялық тозу болады.

Кесте 1.3 - Көлік техникасының техникалық күйінің өзгеру себептері (жук автомобилльдер үшін журген жол 100 мың км.)

Көрсеткіштер	%
Тозу	40
Иіліп майысу және	26
Бұзылу	
Соның ішінде:	
Үзілу	20
Жапыру, бүгіліс	6
Қажып кирай	18
Соның ішінде	
Жарықтар	12
Сынықтар	5
Үгілу	1
Температуралық бұзылу	12
Соның ішінде	
Қызып кету, тұйықтау	5
Жанып кету	4
Күйіп кету (закоксовывание)	3
Басқалары	4
Барлығы	100

## Механикалық тозуға кіретіндер:

- а) абразивтік тозу өз ара жаңасып жатқан бөлшектерін үйкелетін беттерінің арасына абразивтердің (минерал текті шаш және түйіршіктер) қатты түйіршіктерінің тұсуінен пайда болады;
- б) қажи төзу (питинг) бөлшектерге оқтын-оқтын әсер етіп тұратын жогары қысымнан тудады (шестеріялар тістері, тенселеу подшипниктері);
- в) эрозиялық тозуда сұйық ағынының әсеріндегі немесе газ ағынындағы механикалық тозуды айтады;
- г) кавитациялық тозуды сұйық және қатты денелердің карбасуы ауысу барысында бөлшек беті алғанында газ қөбіктерінің пайда болуы, соның әсерінен қысым немесе температура көтеріледі, бөлшек бұлінеді, ягни, гидроэроздиялық тозу болады;
- д) айқасып қалуда тозу қосылыс бетке айқасып қалудың салдарынан металдың терең жұлдынуы және оны басқа бетке жапсыратын механикалық тозу тудады.


Тозу қарқындылығы тозудың мөлшері мен орындалған жұмыс колемінің қатынасына немесе атқарымына тең. Тозу және бөлшектің бұзылуы бөлшектің жұмыс жасаған орнына, жағдайына байланысты. Сондықтан бөлшектің тозу төзімділігін қамтамасыз ету үшін жобалау, құрастыру және пайдалану кезінде оған арнайы шаралар қолданылады.

Тозу шамасы ( $I$ , мкм) автомобиль жүрісіне ( $L$ , км) байланысты артып отырады да шекті күйге дейін жетеді. Ал тозу қарқындылығы ( $v_u$ , мкм/1000 км) жұмыс кезеңінде әр түрлі (сурет 1.6).


Бөлшекті жасау кезінде пайда болған микротегіссіздіктердің шығынқыларын құрастырган соң жанастырады. Бөлшек өлшемінің ауытқуы болады бұл- микротегіссіздіктерге әкеледі, соның ішінде конустыққа, дөңестікке және жазық еместікке және т.б.

Бөлшек өлшемі сыйбаның шектік мөлшерінен аспады делік. Бастапқыда үйкелістегі бөлшектердің жанасу ауданы аз болады. Нәтижесінде, желиңу процесі жүреді ( $I$ , 1.6 сурет).

Желиңу процесі дегеніміз –үйкеліс кезінде (бөлшектің беткі қабатының) геометриясы мен физико-механикалық қасиетінің өзгеруі. Тозу процесі зиянды процеске жатады. Сондықтан оның әсерін азайту үшін бөлшектер жылдамдығы мен жүктемесі женілдетілген режимде жұмысын атқарады, арнайы майлар және күштейтілген тазалау шаралары арқылы қол жеткізеді. Бөлшектердің желиңу процесі ( 1-5 мың км) кезінде автомобильді жаттықтыру режимі тағайындалады.



Сурет 1.6 - Тозу шамасы мен қарқындылығының автомобиль жүрісінен тәуелдігі



Сурет 1.7 - Бөлшектердің түйіндесулеріндегі саңылаудың өзгеру сұлбасы

Бір қалыптағы периоды (1.6 суретте II) тұрақты тозу қарқындылығы  $V=const$  пен сипатталады. Нәтижесінде тозу процесі сызықты артады. Бұл кезең автомобильдің 60... 500 мың км жүрген жолына тең. Тозу жанасқан бөлшектердің саңылауын арттырады. Нәтижесінде майлау, динамикалық және соққы жүктемесі қынданады, тозуга тәзімді беткі қабат жойлады. Тозу қарқындылығы артады. Сонынан авариялық тозу периоды басталады (1.6 суретте III). Бөлшектің толық бұзылуын болдырмау үшін шекті тозуды осы кезеңнің басында болатында қабылданап алады. Қозғалыстағы жанасқан бөлшектердің жұмысқа қабіліттілігіне бөлшек арасындағы саңылау тікелей әсер етеді. Бұл жоғарыда айтылғандай бөлшектердің тозу нәтижесінде пайда болады. Түйіндесуге бағасы мен құрылышы әр түрлі бөлшектер катысады және олардың тозу қарқындылығы де әр түрлі болады. Автомобильде жанасу бөлшектеріне жататындар: інді білік, подшипниктер, газтаратқыш білік,

козғалтқыштың цилиндрлері және піспек сақиналары; тежегіш барабандар және қалыптардың жапсырмасы т.б.

L<sub>p</sub> автомобилдің жүрген жолына сойкес бөлшектің саңылауының S шекті тозуына I<sub>A<sup>max</sup></sub> дейін өзгеруі 1.7-ші суретте көрсетілген. Мұнда жана саналған бөлшектердің саңылауының өзгеруінің негізгі заңдылықтары көрсетілген:

I, II кезеңдерде A, B бөлшектерінің тозуы номиналды саңылаудан S<sub>n</sub> желінү S<sub>n</sub> және шекті S<sub>ap</sub> саңылауға дейін өзгереді. Мұндагы, тозуы тез - B бөлшек;

бөлшектердің тозу қарқындылығы, ережеге сойкес, әр түрлі ( $\beta > \alpha$ ). Сондықтан тез тозатын B бөлшегін B<sub>1</sub> бөлшегіне ауыстырады. Нәтижесінде бөлшектің саңылауы жуықтай алғанда номиналға S<sub>n</sub><sup>1</sup> дейін өзгереді;

егерде A бөлшектің тозуы едәуір болса, онда номинал саңылауды қамтамасыз ету үшін S<sub>n</sub><sup>1</sup> B бөлшегін B<sub>1</sub> бөлшегіне ауыстырады. Бірақ B<sub>1</sub> бөлшектің өлшемі номинал емес. Ол- жөндеуге арналған өлшем болады; сондай-ақ, бөлшек білік тәрізді болса, жөндеу өлшемі номинал өлшемнен артық болуга тиісті, егер бөлшек тесік тәрізді болса- номиналдан аз болуы керек; саңылауды қалпына келтіруден кейін тозу процестің кезеңдері қайталанды -I<sup>1</sup>, II<sup>1</sup> шекті тозуга дейін I<sub>A<sup>max</sup></sub>. Бірақ ауыстырмасаң бөлшекте A бүлінуі жинақталғаның әсерінен бөлшектердің тозу қарқындылығы бір шама артады ( $\alpha^1 > \alpha$  және  $\beta^1 > \beta$ );

Косалқы бөлімді B<sup>1</sup> ауыстырганға дейін атқарым, ережеге сойкес, B бөлшектің қорынан кем. Бұлай болатыны -тозу қарқындылығы артатындығынан және бөлшектердің корлары тұра келмеуінен ( $L_p^{A_1} < L_p^{B_1} + L_p^{B_1}$ ). Автомобилді ұзақ уақыт пайдаланғанда оның тозуы артады. Тозу автомобиль сенімділігіне әсер етеді. Тозу табигатын зерттегендеге оның молекулярлық құрылымы, материал касиеті, бөлшектің жасалу дәлдігі, майдың болуы, тазалығы және т.б. факторлар әсер ететіні аныкталды. Тозғыштықтың бұл жалпы заңдылықтары, бөлшектердің тозуы, тот басуы және қажуы олардың сенімділігін, қорларын арттыруға негізгі бағыттарын айқындаپ береді. Бұл өз кезеңінде автомобильдің пайдалану сенімділігін арттырады.

#### 1.4 Көлік техникасының тозуына пайдалану жағдайларының әсері

Пайдалану жағдайларының автомобильдің тозуына әсері:

- 1) автомобильдің тозуына оның айнымалы режимдерімен (үдеу, баяулау және аялдамалар санының көп болуы) жүруі;
- 2) автомобильге белгіленген мөлшерден артық жүк тиесінде, жол жағдайлары немесе жолдың күйі;
- 3) климаттық жағдайлар. Айналадағы ауа температурасы томендергенде майлау материалдарының тұтқырлығы артады, мұның салдарынан барлық механизмдердегі үйкеліске жұмсалатын шығын артып, автомобильдің жүрісі нашарлайды, жағар май шығыны жоғарылаш ,

бөлшектер тез тозатын болады. Бұдан басқа, температура жоғарылаған кезде майдың тұтқырлығы кеміп, майдың жұқа қабаты оңай ажырайды, бұл үйкелістің күшейіп, үйкелетін беттердің тозуына себепші болады;

4) жанар май мен майлау сапасы. Октан саны тәмен болатын жанар майдан детонация пайда болады, ол қозғалтқыштың үлғақ-піспек тобының тез тозуына жағдай жасайды;

5) автомобилді техникалық баптау сапасы. Баптау режимін, яғни орындалатын жұмыстардың кезенділігі мен көлемін сақтауға, сондай-ақ техникалық баптау операцияларын мүкият өткізуге де байланысты болады. Тиісті және дер кезінде жүргізілетін техникалық баптау жұмысы бөлшектердің тозуын кемітуге және автомобилдің жогары пайдалану сапаларын сақтауға міндетті шарт болып табылады.

## 1.5 Көлік техникасының техникалық күйінің өзгеруіне пайдалану жағдайының ықпалы

Агрегаттардың және бөлшектердің жұмыс тәртібіне көлік техникасының пайдалану жағдайының ықпалы өте зор. Көлік техникасының пайдалану жағдайын есепке алу ресурстарды (қызмет көрсету құрамы, өндірістік – техникалық қор, қосалқы бөлшектер және материалдар) анықтау үшін қажет. Көлік техникасының пайдалану жағдайының санаты (категория): жол жүру жағдайын, жолдың төсемін (покрытия), жердің ойлы-қырлылығын (жер бедерін, маусым жағдайын, жүк тасымалдау жағдайын айырып) ескереді. Жол жағдайы автомобилдің жұмыс тәртібін белгілейді. Олар жолдың техникалық санатымен (бес топ), жол төсемінің түрі мен сапасымен, жол элементінің сырбасы мен пішінімен (жолдың ені, бұрылыш радиусы) сипатталады .

Автомобиль жол төсемін (покрытие) бес топка беледі ( кесте 1.4).

Жол жамылғысина мына типтер жатады:

Д1 – цемент-бетон, асфальт-бетон, кеспек (брюсчатка), нақыш (мозайка);

Д2 – битумдік қоспалар ( щебень не гравий, өндөлген битум);

Д3 – щебень (гравий) өндөлмеген, дегтебетон;

Д4 – жұмыр тас (булыжник), уатқан (колотый) тас, байластырғыш (вяжущий) материалмен өндөлген грунт және беріктігі шамалы тас;

Д5 – топырақ, байластырғыш (вяжущий) материалмен өндөлген топырақ пен кесек тас; бөренелі жаппалар;

Д6 – табиги топырақ жолдар; уақытша карьершілік жолдар; қатты жабылғысы жоқ жерасты жолдар.

Жүру жағдайы. Автомобильдердің қаладағы қозғалысы қаланың сыртындағысынан едәүір ауыр: жылдамдық 50-52 % азаяды, берілістерді ауыстыру 3-3,5 есе артады, тежеуіш механизмдердегі меншікті тежеу жұмыс 8-8,5 есе артады.

**Кесте 1.4 - Көлік техникасының жол үстіндегі жұмыс жағдайлары**

Пайдалану жағдайларының категориясы	Козғалыс зонасы, козғалыс шарттары	Жол жамылғысы және жергілікті жердің бедере
1	2	3
I	Қала маңы зонасынан қашық (50км қаладан алыс)	Д1-Р1-Р3
II	Қала маңы зонасынан қашық (50км қаладан алыс). Кіші қалаларда (100 мың тұрғынға дейін) және қала маңы зонасы	Д1-Р4 Д2-Р1-Р4 Д3-Р1-Р3 Д2-Р1 Д1-Р1-Р4
III	Қала маңы зонасынан қашық (50км қаладан алыс).  Кіші қалаларда (100 мың тұрғынға дейін) және қала маңы зонасы	Д1-Р5 Д2-Р5 Д3-Р4-Р5 Д4-Р1-Р5 Д1-Р5 Д2-Р2-Р5 Д3-Р1-Р5 Д4-Р1-Р5
	Үлкен қалаларда (100 мың тұрғыннан артық)	Д1-Р1-Р5 Д2-Р1-Р4 Д3-Р1-Р3 Д4-Р1
IV	Қала маңы зонасынан қашық (50км қаладан алыс). Кіші қалаларда (100 мың тұрғынға дейін) және қала маңы зонасы. Үлкен қалаларда (100 мың тұрғыннан артық)	Д5-Р1-Р5 Д5-Р1-Р5 Д5-Р1-Р5 Д2-Р5 Д3-Р4-Р5 Д4-Р2-Р5 Д5-Р1-Р5
V	Барлық зоналар	Д6-Р1-Р5

Жүк тасымалдау жағдайы. Автомобиль пайдалану жағдайының санаты (категория) жол жүру жағдайын, жолдың төсемін (покрытия), жердің ойлы-қырлылығын (жер бедерін) ескереді.

Жергілікті жердің бедері (төніз биіктігінен жоғары):

P1 – жазық дала (200 м-ге дейін);


P2 – аласа тәбешілі бар дала (200-300 м);

P3 – төбелері бар дала (300-1000 м);

P4 – аласа таулы аймақ (1000-2000 м);

P5 – таулы аймақ (2000 м-ден жоғары).

Маусым жағдайы. Олар қоршаған ортаның температурасымен, ылғалдылығымен, желдің күшімен, күн көзінің радиациясымен сипатталады. Автомобильдің ең көп істен шығуы жылдың көктем-күз кезіндегі мезгіліне тұра келеді.



Сурет 1.8 - Карбюраторлы және дизельді қозғалтқыштар үшін цилиндрлердің салыстырмалы жылдамдығының тозуының салқындау сұйықтықтан тәуелділігі

Қозғалтқыштың минимал тозуы салқындау сұйықтықтың 70-90°C температурасына сәйкес келеді (сурет 1.8). Жылуулық ережесі коршаған ортасының температурасы төмен болғанда бұзылады. Қозғалтқыштың от алдыру кезінде оның тозуы артады. Ауа райына байланысты бірнеше аудандарды атап өтуге болады: қоныржай, өте суық, суық, ыстық және құргак, өте ыстық және құргак.

## 1.6 Қөліктің істен шығуы


Жұмысқа жарамдылық - бұл объект күйі, берілген функцияларды орындау қабілеттілігі, барлық параметрлердің мәндері нормативті - техникалық және конструкторлық құжатардың талаптарына сәйкестігі. Объектің жұмысқа жарамдылығының бұзылуы оқиғаны істен шығу деп атайды.

Кемінде берілген бір параметр болса да анықталған дәлдік шегінен асып кетсе бұны жұмысқа жарамдылығының бұзылуы деп атайды.

Істен шығу:

- а) жұмысқа жарамдылығына әсері тиетін істен шығуы;
- б) істен шығудың көзіне қарай- құрылымдық, өндірістік, пайдалану;
- в) басқа элементтердің істен шығуының байланысына қарай- тәуелді, тәуелсіз;
- г) тууының себептеріне және болжаяу мүмкіншілігіне қарай- біртінде, күтпеген уақытта;
- д) тууының жиілігіне қарай (жұмыс көлеміне)- жұмыс көлемі аз істен шығуы, жұмыс көлемі үлкен;
- ж) еңбек сыйымдылығы мен істен шығуды жоюына қарай- кіші және орташа;

к) автомобильдің жұмыс уақыты шығынының ықпалына қарай-жұмыс уақытын жұмсамай істен шығуды жою, жұмыс уақытын жұмсал отырып істен шығуды жою (сурет 1.9).




Тәулік уақыты

1-жұмыс уақыты (міндеттін атқару уақыт); 2- автомобильдің аудиосым аралық уақыты

Сурет 1.9 - №1-3 автомобильдер үшін жұмыс уақытын жұмсамай істен шығуды жою (3) және жұмыс уақытын жұмсал отырып істен шығуды жою (4) бос түру графигі

1.10 суретте біртіндеп істен шығуының пайда болу механизмі (а,б) және кенеттен істен шығу көрсетілген.



$E_n, E_{n-1}, E_{n-2}, \dots, E_2, E_1$ - жұмысқа жарамдылығы күйі;  $E_0$ - істен шығу күйі,  $E_n$ - бастапқы күйі,  $X_0$ - істен шығуга дейін атқарылған жұмыс көлемі

Сурет 1.10 - Біртіндеп істен шығуының пайда болу механизмі (а,б) және кенеттен істен шығу

### Бақылау сұрақтар


1. Көлік техникасының сапасы дегеніміз не?
2. Көлік техникасының негізгі техникалық-пайдалану қасиеттерін атап шығыңыз.
3. Көлік техникасының жұмыс көлемі немен есептелінеді?

4. Көлік техникасының параметрлерінің техникалық күйінің өзгеру сұлбасында қандай аймақтар бар?
5. Көлік техникасының жұмыс ресурсы деп нені атайды?
6. Көлік техникасының сапалық көрсеткіштерінің өзгеруі неге байланысты?
7. Көлік техникасының негізгі параметрлерін атаңыз.
8. Көлік техникасының "жұмысқа жарамдылығы" деп нені атайды?
9. Пайдалану барысында көлік техникасының техникалық күйінің өзгеру себептерін атап шығыңыз.
10. Көлік техникасының тозуына пайдалану жағдайларының әсерлерін атап шығыңыз.
11. Көлік техникасының техникалық күйінің өзгеруіне пайдалану жағдайларын атап шығыңыз.
12. Көліктің істен шығуын сыныптаудын атап шығыңыз.

## 2 Көлік техникасының техникалық күйінің өзгерісіндегі кездейсок үдерістер заңдылықтары

### 2.1 Көлік техникасының техникалық күйінің атқарымы бойынша өзгеру заңдылығы (занылдықтың бірінші түрі)

Бұйымдардың техникалық күйінің атқарымы бойынша өзгеру баяу, бірсарынды функция (сурет 2.1) тәрізді өтеді. Бұйымның техникалық күйі шекті шамасына бірсарынды функция тәрізді біртіндеп жетеді де, ол істен шығады.



Сурет 2.1- Техникалық күйінің жүрген жолы мүмкін болуы түрлерінің тәуелділіктері,  $Y_H, Y_P$  – бастапқы және шекті мәндері

Бұйымның техникалық күйінің өзгеруі бүтін рационал функциясымен сипаттауга болады

$$y = a_0 + a_1 l + a_2 l^2 + a_3 l^3 + \dots + a_n l^n \quad (2.1)$$

мұндағы  $a_0$ - техникалық күйі параметрінің бастапқы мәні;  $l$ -жұмыс көлемі;

$a_1, a_2, a_3, \dots, a_n$ - коэффициенттер.

Не болмаса дәрежелік функциясымен сипаттауга болады

$$y = y_0 + a_1 l^b \quad (2.2)$$

мұндағы  $a$ ,  $b$ - коэффициенттер.